# ҚОС ҚАРЛЫҒАШ

**Өлеңін жазған Ә. Тәжібаев** **Музыкасын жазған Е. Брусиловский**




ген, са - ғын - дыр - ды мей(і) - рім - ді ел. А - лыс - тан
аң - сап а - сы - ғып, қос қар - лы - ғаш жө - не - ле -
ді. Те - ңіз - ді ба - сып, тау а - сып, ән - де - тіп,
зу - лап ке - ле - ді. А - - - - -


26
а - - - - - а - - - - - а - - - - -
8va
29
а - - - - - - а - - - - - - а - - - - - -
32
p
2.
а. Кел - //А - - - - - - - - - а - - -
p
36
rit.
а - - - - - а - - - - - а - - - - а


40
a tempo
f
44
47
mp
Ұ - я - сыз қал - ған қар - лы -
50
ғаш жау - таң - дап қа - рап жан - жақ - қа. Қа -


53
лық - тап шық - ты ас - пан - ға, ар - ты - нан ел - дің бар - мақ -
56
қа. Шарқ ұ - рып із - деп жүр - ген - де, та -
59
лып кеп жет - кен а - лыс - тан, ән -
61
ші қыз - дың дау - с(ы)е - ді ол, сы - зыл - тып


63
сал-ған а - лыс - тан. А - - - - - - - -
f
67
а - - - - - - - - - а - - - -
p
70
rit.
а - - - - - а
pp

# Қос қарлығаш

Көктем болып, күн жадырап,
Еске түсті туған жер.
Ұясына орын берген,
Сағындырды мейірімді ел.
Алыстан аңсап, асығып,
Қос қарлығаш жөнелді.
Теңізді басып, тау асып,
Әндетіп, зулап келеді.

Келсе қыстау өртенген,
Сорайып қалған мұржасы.
Мейірімсіз жаулар талқандап,
Көл болған елдің көз жасы.
Іздесе де табылмайды,
Ұясының ізі жоқ.
Алдынан шығып қарсы алар,
Жылдағы әнші қызы жоқ.

Ұясыз қалған қарлығаш
Жаутаңдап қарап жан-жаққа.
Қалықтап шықты аспанға,
Артынан елдің бармаққа.
Шарқ ұрып іздеп жүргенде,
Талып кеп жеткен алыстан,
Әнші қыздың даусы еді ол,
Сызылтып салған алыстан!